

<b>Пәннің аты:қазақ тілі</b>	<b>Уақыты:20.09.2016</b>	<b>Кабинет:40</b>	<b>Мұғалім:Калиева А.А.</b>
<b>Сабақтың атауы</b>	И, й әріптерінің жазылуы.		
<b>Мақсаты</b>	а) білімділігі: И, й әріптерінің жазылуымен таныстыру.И дыбысының алдында ы,і естілгенімен,олар жазылмайтыны жайында түсінік алу. ә) дамытушылығы: оқушылардың сөздік қорын молайту, тілдегі сөз құрылымының сырларын меңгертуге бағыт беру. Ойлауын, еске түсіру, шығармашылық қабілеттерін, тілін дамыту. Өз пікірін сенімді айтуға, ортаға салуға үйрету.		
<b>Күтілетін нәтиже</b>	б) оқушыларды ана тілін құрметтеуге, тіл тазалығын сақтауға, татулыққа, өнерді, еңбекті, сүйеге тәрбиелеу. Сабақтың түрі: жаңа сабақ Сабақтың әдістері: зерттеушілік, ізденушілік, сұрақ-жауап, интерактивті, көрнекілік Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, орман, құстар суреті Пәнаралық байланыс: ана тілі, дүниетану, математика		
<b>Психологиялық ахуал</b>	Оқушыларды сабаққа дайындау: Пәнге деген сүйіспеншіліктерін арттыру: Қазақ тілі – бал тілім, Өзің барда шалқимын, Тілімнен нәр табармын, Тіліме кім тағар мін	Оқушылар шеңберде жиналып,мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.	
<b>Қызығушылықты ояту</b>	Өткенді пысықтау: *-У дыбысы қай кезде дауыссыз болады? -У дыбысы қай кезде дауысты болады?	Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып,ерекше ынтамен кіріседі.	
<b>Мағынаны тану</b>	*Жаңа сабақты түсіндіру. 1.Сөздік диктант. Сөздерді буынға бөліп жазу. <b>Инелік, киім, айна,ойыншық,мейіз,қайық,имек,иірім,әйнек. Ереже.</b> <b>*И-дауысты дыбыс. Дауыссыз дыбыстан соң және сөз басында жазылады.</b> <b>*Й-дауыссыз дыбыс.Дауысты дыбыстан соң және кірме сөздерде сөздің басында жазылады.</b> <b>*И дыбысының алдында ы,і естілгенімен,олар жазылмайды.</b> <b>42-жаттығу.</b> Суреттерге қара,аттарын жаз. <b>Киік,сиыр,тиін,инелік.</b> *И әрпінің астын сыз.Бұл сөздердегі и дыбысының айтылуына назар аудар. <b>43-жаттығу.</b> Сөздерді буынға бөліп жаз.И қандай дыбыс? <b>Жи-ыр -ма,жи-на-лыс,и-не,би-ік,ки-із,жи-ек.</b> *И әрпі қандай әріптердің орнына қолданылғанын айт. <b>Жиек</b> сөзінің мағынасын түсіндір.		
<b>Сергіту сәті</b>	Топ, топ, добым домалақ, Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап Қайда кеттің домалап Бір, екі деп екі ұрдым, Шатырға сен секірдің.		



	<p>Үш, төрт, бес деп үлгердім,          Ішіне ендің гүлдердің.          Алты, жеті дегенде.          Жаттың шаршап еденде.          Сегіз, тоғыз дегенде,          Сайға сырғып жөнелдің.          Топ, топ, добым домалақ,          Қайда кеттің домалап.</p>	
<b>Ой толғаныс</b>	<p><b>44-жаттығу.</b>Өлеңді жатқа жаз.          *И әрпі бар сөздердің астын сыз.          Айтылуы мен жазылуын салыстыр.  <b>46-жаттығу.</b>Бос торкөздерді и дыбысынан басталатын сөздермен толтыр.Сөздерде и әрпі жазылатынын дәлелде.</p>	
<b>Үйге тапсырма</b>	Ереже жаттау. 45-жаттығу.	Күнделіктеріне жазып алады
<b>Бағалау</b>	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>	Бағалау парақшасын толтырады.
<b>Кері байланыс</b>		